

**М. Құрманғалиева атындағы №32 мектеп-гимназиясында өткен
мектепішілік қамқоршылық кеңесі жиналышының**

№ 4 ХАТТАМАСЫ

Күні: 10 наурыз 2022 жыл

Күн тәртібінде

- Ақтөбе қалалық білім бөлімінің ұйымдастырылуымен өткізген әкелер слётінде алатын ақпаратты талқылау
- Құлатай Айдын мен Қуаныш Алишердің мектепішілік бақылаудан тәртібінің дұрысталаудың байланысты есептен алынуын талқылау

Кеңеске қатысқандар:

- 1.Пирмаханова Турсулу Аязбаевна– қамқоршылық кеңес төрайымы;
2. Алишева Баян Каналиевна – қамқоршылық кеңес мүшесі;
3. Жүрсінқызы Жаңагүл – қамқоршылық кеңес мүшесі;
4. Қуанышова Гулімай – қамқоршылық кеңес мүшесі;
5. Байқадамова Лайла – қамқоршылық кеңес мүшесі;
6. Искарина Жаңылдық – қамқоршылық кеңес мүшесі;
7. Д.Н.Искаков – мектеп-гимназия директорының тәрбие ісі жөніндегі орынбасары;
8. Брашова Гүлшат – 9в класс жетекшісі
9. Қалдығұлова Ақбебек -10ә класс жетекшісі
10. Снасапин Темірлан – тарих пәнінің мұғалімі, «Риторика» дебат клубының жетекшісі
- 11.Әбден Гүлдана - хатшы

НЕГІЗГІ БӨЛІМ

Тындалды. Мектеп директоры Джамбулова Айжан Сматовна 16 наурыз күні өткен қамқоршылық кеңесі жиынында М. Құрманғалиева атындағы №32 мектеп-гимназия басшысы: Саламатсыздар ма, құрметті кеңес мүшелері бүгінгі кезекті отырысымыз. Бүгінгі күн тәртібіндегі мәселелердің бірі Ақтөбе қалалық білім бөлімінің ұйымдастыруымен өткізген іс-шараларға қамқоршылық кеңесінің мүшелері қатысу жөнінде соның ішінде қалалық білім бөлімінің ұйымдастыруымен өткен әкелер слётінде алған ақпаратты талқылайтын боламыз.

Бірінші мәселе М.Құрманғалиева атындағы №32 мектеп-гимназия директорының тәрбие-ісі жөніндегі орынбасары Д.Н.Искаков пайымдады: Саламатсыздар ма, құрметті кеңес мүшелері қалалық білім бөлімінің ұйымдастыруымен өткізген әкелер слётінде бала өмірінде оның ішінде оқушы жастағы балалар яғни кәмелетке толмаған балалар өмірінде әкелерінің рөлі

жөнінде үлкен сұрақ көтерілді. Бұл орайда онлайн кезеңнен кейінгі оффлайн форматқа өту кезінде оқушылардың мінез-құлқы мен тәртібіне аса қоңыл бөлуіне яғни әкелер тарапынан қоңіл бөлінуін көздеді. Осы орайда мектеп қабырғасында әкелер клубының жұмысын жандандыру керектігін тағы да атап айтуды жөн көріп отырмын.

Екінші мәселе бойынша 9 в класс жетекшісі Бралова Гүлшат сөз сөйледі. Құлатай Айдын мектепшілік шараптарға белсенді қатысып, өзінің тәртібін он жағына қарай өзгерту. Мектепшілік концерттерде жүргізушилік қызмет атқарып керемет кеш өткізді.

Дене тәрбиесі пәні мұғалімі Искаков Д.Н. Айдын мектепте өткізіліп жатқан спорттық волейбол секциясына қатысады. Волейболда жақсы нәтижелер көрсетіп, жарыстарға қатысып жүр. Мен Айдынның мектепшілік бақылаудан алынуына толықтай келісемін.

10 ә класс класс жетекшісі Қалдығұлова Ақбебек Куаныш Алишердің мектепшілік есептен шығаруы бойынша сөз сөйледі. Алишер мінезі ашық, көмекке дайын, сабак үлгерімі жақсы. 2021-2022 оқу жылында Алишер мектепте жүргізіліп жатқан Риторика дебат клубына белсенді қатысып, қалалық, облыстық, респубикалық жетістіктерге жетіп, өзін жақсы жағынан көрсетіп жүр.

«Риторика» дебат клубының жетекшісі Снасанин Темірлан Куаныш Алишердің мектепшілік есептен шығаруы бойынша сөз сөйледі. Алишердің дебаттағы жеткен жетістіктері туралы айта өтіп, оның Алматы қаласы, Сәтбаев Университетінде 7–11 сынып оқушылары мен ЖОО студенттері арасында «TECHNO CUP VI!» атты респубикалық пікірсайыс турнирінің қорытындысы бойынша Мектеп лигасында Алишер Куаныш жеңімпаз атанып, Сәтбаев Университетінің 4 жылдық білім грантын ұтып алды. Алишер қасындағы достарына әрқашан көмек көрсетіп жүретінін айтты. Алишердің мектепшілік бақылаудан алынуына толықтай келісетінін айтты.

Егер сұрақтарыңыз берілген пікірлеріңіз болса ортаға салуларыңыз сұралады.

Пікір айтушылар:

1. Куанышова Гүлімай Әбішқызы – қамқоршылық кеңес мүшесі:


Мен айтқаныңызға толықтай келісемін. Өз тарапымнан IV тоқсанға оқушылардың әкелер арасында және де еңбек пәні мұғалімдері арасында мастер класстар өткізуіне ұсыныс тастаймын.


Қабылданған қаулы:


1. М. Құрманғалиева атындағы №32 мектеп-гимназиясында әкелер институтының жұмысы жалғасын тапсын балалардың қыскы демалыс кезіндегі ұйымдастырылатын іс-шаралар жұмыс жоспары бекітілсін.


2. IV тоқсанға жоспардан тыс әкелер институты эстетика кафедрасымен бірлесе отырып жаңа іс-шаралар легі жоспарланып жүзеге асырылсын


1. Қамқоршылық кеңесінің төрайымы: Пирмаханова Т. А.

2. Қамқоршылық кеңес мүшесі :  Алишева Баян Каналиевна

3. Қамқоршылық кеңес мүшесі :  Жұрсінқызы Жаңагұл

4. Қамқоршылық кеңес мүшесі :  Куанышова Гүлімай Әбішқызы

5. Қамқоршылық кеңес мүшесі :  Байкадамова Лайла Садировна

Хатшы:  Әбден Гұлдана